

Мектеп директоры К.Алтаева



«Жыланбұған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
8 «Б» сынып жетекшісінің 2025-2026 оқу жылына арналған
сынып сағаттарының күнтізбелік тақырыптық жоспары

Сынып жетекші Шерметова Диёра

« АДАЛ АЗАМАТ БІРТҮТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Жоспарға негіздеме: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұрбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады.

Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жанғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құныреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға мқпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік

- таң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс;
- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жанашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
- Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:
 - **КҮНДЕЛІКТІ:**
 - «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
 - «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
 - «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.
 - «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдау.
 - **апта сайын:**
 - «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
 - Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, такталарда және т.б. орналастырылады.
 - «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлық және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.
 - Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:
 - Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.
- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу ұсынылады.
- Сынып сағаттарында «Буллингтен қорған!» алдын алу шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Бұл білім алушылардың басқалармен қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын басқару және қақтығыстық жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер мен кейс-сессияларын мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізу ұсынылады.
- «Ойынға салауатты көзқарас» – лудоманияның алдын-алуға бағытталады. Лудомания туралы бейнероликтер қарауға, ойынға құмарлық, онлайн ойындарға ақша тігу т.б. зияны туралы топтық талқылаулар ұйымдастыруға және салауатты әдеттерді, баламалы қызығушылықтар мен хоббиді дамытуға бағытталған сынып сағаттарын, мектепшілік шеберлік сыныптарын өткізуді қамтиды.
- «Өмірге салауатты қадам» алдын-алу іс-шаралары шеңберінде синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстар арқылы) таралуының алдын алу және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып сағаттарында олардың зияны мен денсаулыққа теріс әсері туралы деректі фильмдер көру, сыныптарда есірткіге қарсы плакаттар, бейнероликтер және т.б. әзірлеу, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты мәселелерін талқылау бойынша іс-шаралар өткізу ұсынылады.
- «Қоғамдық мүлікті қорға!» сынып сағаттарында вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар әзірлеу және/немесе қоғамдық мүлікті қиратудың, мәдени ескерткіштерді қиратудың зияны туралы топтық талқылауларды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізуді қамтиды.
- «Қауіпсіз қоғам» Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі заттарын таратуға және т.б. құқықбұзушылық актілеріне байланысты негізгі нормаларды түсіндіру және адам бас бостандығынан айыру, заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық істер туралы бейнероликтер қарау мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлескен шаралар өткізуді қамтиды.
- Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру, буллинг, лудомания, вандализм, нашакорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде сынып сағаттарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес жүргізу ұсынылады (Бұйрыққа 2-қосымша).
- Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде келесі әлеуметтік жобалар ұсынылады:

- «Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылады. Жоба шеңберінде білім алушыларды «Қоғамға қызмет ету» волонтерлікке ата-аналар қауымдастығы және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып құстарға ұя жасау т.б. ұсынылады.

- Сонымен қатар жобаны іске асыру «Жер сағаты» экологиялық акциясын, «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджін, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын өткізуді қамтиды. «Жер сағаты» экологиялық акциясы климаттың өзгеруі мен ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастама болып табылады. Акцияның негізгі элементі – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру, бұл энергияны ұқалты пайдалануға үндейді. Білім беру ұйымдары жыл бойы табиғи ресурстарды қорғаудың маңыздылығын көрсететін постер, жадынама әзірлеуге болады.

- «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі – бұл бүкіл республика бойынша мектеп түлектері арасында (9-шы және 11-сыныптар) мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызуға үндейді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» – бұл мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды (саябақтар, скверлер) тазалау акциясы.

- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштікке баулу арқылы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын қалыптастыруды көздейді. Жоба «Күзгі асар» жәрменкесін, «Мамандықтар әлемі» іс-шараларын, «Мамандықтар марафоны» байқауын, мектептің әлеуметтік желілеріне жазбалар жариялау арқылы жүзеге асырылады. «Күзгі асар» жәрменкесінде білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман өнімдерін пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған қолөнерлерін ұсынады. «Мамандықтар әлемі» шарасын өткізу мамандықтармен танысу үшін түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеп, өңірдегі мамандықтармен танысады. «Мамандықтар марафоны» байқауы білім алушылардың шеберлігін көрсету арқылы (мысалы, ағаштан бұйым жасау) әртүрлі мамандықтарға бейімділігін және білім беру ұйымдарындағы жас шеберлерді, таланттарды анықтауға бағытталады (WorldSkills халықаралық байқауына дайындық). Конкурс сарапшыларына түрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тартуға болады. Мектептің әлеуметтік желілерінде білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат жүргізіп, оны мектептің әлеуметтік желілерінде жариялайды, үздік жазба иелерін анықталады.

- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананың аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастырылады.

- «Даналық ұстаздан» – мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғалімдеріне, сүйікті педагогтерге және құрметті тәлімгерлерге арналған челленджі өткізіледі. Қатысушылар бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы алғыстарын білдіре алады.

- «Ұлттық мәдениет» көрмесі білім алушылардың ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және басқа материалдардан жасалған бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынады.

Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға болады.

- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі саптық әндер конкурсын, әскери-патриоттық фестиваль, спорттық-далалық ойындарды өткізуді қамтиды. Білім беру ұйымдарына «Жас сарбаз» фестивалін өткізу кезінде қазақстандық авторлардың әндерін және Ұлттық әскери форманы пайдалану ұсынылады.

- «Ананның аялы алақаны» челленджінде білім алушылар бейнероликтер, мерекелік ашықхаттар және бейне құттықтаулар арқылы аналарына, әжелеріне және барлық аналарға алғыстарын білдіре алады.

- «Әншуақ» фестивалі #Әншуақ хэштегімен «TikTok» әлеуметтік желісінде өз әнін жанды дауыста орындаудың бейнежазбасын жариялау арқылы білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту.

- «Домбыра күні» – білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру.

- Мектеп театрының жұмысын ұйымдастыруда әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашакорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдар фестивалін өткізу ұсынылады.

- «Ұшқыр ой алаңы» – пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру негізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделеді. Білім беру ұйымдарына құндылықтарға, тарихи оқиғаларға, атаулы күндерге, адам құқығы мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашакорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, буллинг және т.б.) байланысты тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталасқа ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін тартуға болады.

- Зияткерлік ойындарды тек мектеп пәндеріне ғана емес, сонымен қатар танымал тұлғаларға, атаулы күндерге, әлемдік және спорттық оқиғаларға байланысты зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту ұсынылады.

- «Smart bala» жобасы – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамытуды көздейді. Жоба шеңберінде «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстары өткізіледі. «Startup» байқауы кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында таныстырылымдар, инновациялық идеялардың тұсаукесерлерін өткізу ұсынылады.

- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауында мектептің мүмкіндіктеріне қарай, жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізуге болады. Конкурсты ұйымдастыру барысында инновациялық объектілерге бару немесе аталған объектілер туралы материалдарды (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және басқалар) онлайн-қарау ұсынылады.

- «Балалар кітапханасы» – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кеш, кітаптар жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджінен тұрады.

- Білім беру ұйымдарына әдеби кеш, кітап жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауын өткізу кезінде балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыруға болады.
- «Кітаптар айналымы» акциясы шеңберінде кітапханада, мектеп буккроссингінде білім алушыға қажетті кітапты алып оқуы үшін үйден өзінің бір кітабын әкеліп ауыстырып алу мүмкіндігі болатын кітаптар сөресін құру ұсынылады.
- «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Досыңа кітап сыйла» челленджін ұйымдастыруды, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын жасауды және т.б. қамтиды.
- Әлеуметтік жобаларды іске асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес өткізіледі (бұйрыққа 2-қосымша). Білім беру ұйымдары іс-шараларды өткізу уақытын, қатысушылардың санын, өтетін орнын дербес айқындайды. Әрбір іс-шараның мазмұнын әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет.

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ҰЙЫМ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БОЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ КҮТІЛЕДІ:

ҚҰНДЫЛЫҚ: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

5-8 сынып:

- Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;
- Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;
- азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;
- мемлекеттік тілді меңгеру;
- Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;
- әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;
- Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

5-8 сынып:

- қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;
- сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;
- тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;
- бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;

- басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Құзыреттілік: қоғамға қызмет

5-8 сынып:

- өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;
- әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
- оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
- берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
- басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

- Құзыреттілік: азаматтық борын және парасаттылық

5-8 сынып :

- құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;
- тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;
- қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

5-8 сынып:

- өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;
- түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
- өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
- еңбек қоғамдық және табиғи болудың негізі екенін түсіну;
- жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы

түрде таңдауға және құруға дайын болу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

5-8 сынып:

- тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдерімен идеяларын ұсына білу;
- өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
- бақылау, өлшеу, эксперименттермен тәжірибелер жүргізу;
- модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бірбүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды

іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;

- оқу есептерін шешудің ыңғайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді ібіріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;

- әртүрлі таным құралдарын қолданудағылары,
әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Сыныптың жүзеге асыратын әлеуметтік жобасы:

5 сынып «Smart bala»

Іс-шара	Мерзімі	Аяқталу нысаны
«Start up»	Қараша	Байқау
«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»	Қаңтар	Конкурс

6 сынып «Балалар кітапханасы»

Іс-шара	Мерзімі	Аяқталу нысаны
«Әдеби кеш»	Желтоқсан	Поэзия кеші
«Кітаптар айналымы»	Маусым	Акциясы
«Шың жүректен кітап сыйла»	Ақпан	Челлендж

7 сынып «Үшқыр ой алаңы»

Іс-шара	Мерзімі	Аяқталу нысаны
Дебат	Қазан	Дебат ойыны
Зияткерлік ойындар	Қаңтар	Достық кездесу

8 сынып «Қамқор»

Іс-шара	Мерзімі	Аяқталу нысаны
«Қоғамға қызмет ету»	Қазан	Волонтерлық қызмет
«Жер сағаты»	Наурыз	Экологиялық акция
«Түлектердің ағаш егуі»	Сәуір	Экочеллендж
«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»	Жыл бойы	Акция

Ата ана жиналысы- бір тоқсанда 1 рет

Ұлдар жиналысы- бір айда 1 рет

Қыздар жиналысы- бір айда 1 рет

АПҚО сабағы- бір айда 1 рет

Әр тоқсанға SWOT талдау

8 «Б» сыныптың жылдық жұмыс жоспары

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

12 қыркүйек – Отбасы күні

26 қыркүйек – Еңбек күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шаралар тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1 тоқсан				
1-апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұстафиз Әзімбетов)				
1.	1 қыркүйек -Білім күні. «Мектебім – мейірім мекені!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 1-САБАҚ: 8- сынып: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары» Ата-ана жиналысы	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	02.09.25ж.
2-апта дәйексөзі: Жанұяым – қорғаным, ата-анам – тірегім!				
2.	Біздің қала (кент), аудан.» ЖЖЕ №1 / «Отбасындағы сыпайылық» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 2-САБАҚ: 8-сынып: «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (орт, жер сілкінісі, су тасқыны)» Ұлдар жиналысы Қыздар жиналысы	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	08.09.25ж.
3-апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес даланы!» (Абай)				
3.	«Бұданигтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 3-САБАҚ: 8 сынып: «Желідегі жас тексерулері және олар не үшін қажет»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	15.09.25ж.
4-апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының пішіні (Абай)				
4.		Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	22.09.25ж.

	«Еңбек түбі береке» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 4-САБАҚ сынып: Менің қандай құқығым бар?»			
	АПҚО сабағы			
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық				
1 қазан – Халықаралық қарттар күні				
5 қазан – Мұғалімдер күні				
24 қазан – Кітапханашылар күні				
25 қазан – Республика күні				
1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атын!»				
5.	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет. Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 5-САБАҚ І-сынып: «Өзіңіз туралы жеке ақпаратты беру қауіпі»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	29.09.25ж.
2-апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
6.	«Жол-көлік оқиғаларының себептері» ЖЖЕ №2 / «Ұстазым - ұлағатым, үлгі өнегем!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 6-САБАҚ І-сынып: «Кибербуллингтің рөлдік құрылымы. Егер сіз қатысушы болсаңыз не істеу керек. Өзіңізге алғашқы көмек»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	06.10.25ж.
3-апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!				
7.	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 7-САБАҚ І-сынып: «Қауіпті және болжанбайтын жағдайлардан, зиянсыз әзілдер мен ұсыныстарды қалай ажыратуға болады»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	13.10.25ж.
4-апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!				
8.	Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Қазақ елі менің - Отаным» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 8-САБАҚ	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	20.10.25ж.

	сынып: «Ата – анамен және сенімді ересектермен қауіпсіздік мәселелерін қалай ашық талқылауға болады»			
II тоқсан				
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні				
16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
1-апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!				
9.	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 9-САБАҚ 8-сынып: «Күмәнді жағдайда салауатты және қауіпсіз өмірге апаратын жол»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	03.11.25ж.
2-апта дәйексөзі: Тура биде туган жоқ!				
10.	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық валюта-теңге» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 10-САБАҚ сынып: «Қауіпті селфи»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	10.11.25ж.
3-апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі				
11.	«Буллингтеп қорған!» / «Жол таңбаларының мақсаты» ЖЖЕ№3 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 11-САБАҚ 8- сынып: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	17.11.25ж.
4-апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң алғың таймайды!				
12.	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 12-САБАҚ 8 –сынып: «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (орт, жер сілкінісі, су тасқыны)	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	24.11.25ж.
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

1-апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады

13.	«Табиғатқа жемқорлық жасамаймыз!» акциясы <i>Қайыңсіздік сабағы (10 минут)</i> № 13-САБАҚ 7-сынып: «Желідегі жас шектеулері және олар не үшін қажет»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	01.12.25ж.
-----	--	--------------	----------------	------------

2-апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді

14.	«Буддизмнен қорған!» <i>Қайыңсіздік сабағы (10 минут)</i> № 14-САБАҚ 7-сынып: «Менің қандай құрағым бар?»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	08.12.25ж.
-----	---	--------------	----------------	------------

3-апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас

15.	« Қосымша секциялары бар бағдаршам белгілері» ЖЖКЕ №4 <i>Қайыңсіздік сабағы (10 минут)</i> № 15-САБАҚ 7-сынып: «Өмірің туралы жеке ақпаратты беру қауіпі»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	15.12.25ж.
-----	--	--------------	----------------	------------

4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған

16.	«Жаңа жылдық тарту» <i>Қайыңсіздік сабағы (10 минут)</i> № 16- САБАҚ 8-сынып: «Кибербуддизмнің рөлдік құрылымы. Егер сіз қатысушы болсаңыз не істеу керек. Өзінсізге алғашқы көмек»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	22.12.25ж.
-----	---	--------------	----------------	------------

III тоқсан

Қаңтар – таң және тәртіп айы

1 қаңтар – Жаңа жыл

2-апта дәйексөзі: Тазап бар жерде тәртіп бар

17.	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» <i>Қайыңсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	12.01.26ж.
-----	--	--------------	----------------	------------

	№ 17-САБАҚ 8 -сынып: «Қауіпті және болжанбайтын жағдайлардан, зиянсыз әзілдер мен ұсыныстарды қалай ажыратуға болады»			
3-апта дәйексөзі: Тәртіп – тәрбие бастауы				
18.	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 18- САБАҚ 8- сынып: «Ата – анамен және сенімді ересектермен қауіпсіздік мәселелерін қалай ашық талқылауға болады»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	19.01.26ж.
4-апта дәйексөздері: Әділет жолы- адал жол				
19.	«Заң және Тәртіп» құндылығы «Реттеушінің белгілері» ЖЖКЕ №5 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 19- САБАҚ 8- сынып: «Күмәнді жағдайда салауатты және қауіпсіз өмірге апаратын жол»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	26.01.26ж.
Ақпан – жасампаздық және жанашылдық				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1-апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге				
20.	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 20-САБАҚ 8 сынып «Қауіпті селфи»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	02.02.26ж.
2-апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала				
21.	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 21-САБАҚ 8- сынып: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	09.02.26ж.
3-апта дәйексөзі: Өнерлі бала - өрге жүзер				

22.	Қауіпсіз қорам / «Жол белгілері және олардың маңызы» ЖЖЕ №6 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 22-САБАҚ 8 –сынып: «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны)	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	16.02.26ж.
4-апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы				
23.	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 23-САБАҚ 8 –сынып: «Желідегі жас шектеулері және олар не үшін қажет»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	23.02.26ж.
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы <u>1 наурыз – Алғыс айту күні</u> <u>8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні</u> <u>21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі</u> <u>30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні</u>				
1-апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-ананды құрметтей білу...(Б.Момышұлы)				
24.	«Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 24-САБАҚ 8 –сынып: «Менің қандай құқығым бар?»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	02.03.26ж.
2-апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік				
25.	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Ананьин аялы алақаны» челленджі Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 25- САБАҚ 8 –сынып: «Өзіңіз туралы жеке шпаратты беру қауіп»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	09.03.26ж.
3-апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады				
26.	«Наурыз – жыл басы» « Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 26- САБАҚ 8 –сынып: «Кибербуллингтің ролдік құрылымы. Егер	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	16.03.26ж.

	сіз қатысушы болсаңыз не істеу керек. Өзіңізге алғашқы көмек!			
IV тоқсан				
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
1-апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең				
27.	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 27- САБАҚ 8- сынып: «Қауіпті және болжанбайтын жағдайлардан, зиянсыз зәілдер мен ұсыныстарды қалай ажыратуға болады»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	06.04.26ж.
2-апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)				
28.	Өмірге салауатты қадам «Жүргізуші еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері. Заманауи көлік – жоғары қауіптілік аймағы. Қоғамдық көлік» ЖЖЕ №8 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 28-САБАҚ 8- сынып : «Ата – ашмен және сенімді ересектермен қауіпсіздік мәселелерін қалай ашық талқылауға болады»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	13.04.26ж.
3-апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)				
29.	Буддизмге қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №29-САБАҚ 8- сынып: «Күмәнді жағдайда салауатты және қауіпсіз өмірге апаратын жол»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	20.04.26ж.
4-апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар				

30.	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 30-САБАҚ сынып: «Қауіпті селфи»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	27.04.26ж.
5-апта дәйексөзі: Білікті білім жинап мәсін етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер				
31.	«Бір әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 31-САБАҚ: 8- сынып: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	04.04.26ж.
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ				
32.	«Буллингтен қорған!» «Жаракаттанғанда, жаралап алғанда алғанқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану» ЖЖЕ №9 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 32-САБАҚ 8 –сынып: «Сахат кезіндегі тотенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны)	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	11.05.26ж.
2-апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ				
33.	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 33-САБАҚ 8 -сынып: «Желідегі жас шектеулері және олар не үшін қажет»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	18.05.26ж.
3-апта дәйексөзі: «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек.» (Төле би)				

34.	«Білім – Отаным!» /Велосипедте жүру. ЖОЖ №10 Қарғысдік сабағы (10 минут) № 34-САБАҚ 8- сынып : «Менің қандай құқығым бар?»	Сынып сағаты	Шерметова Д.А.	25.05.26ж.
-----	---	--------------	----------------	------------

Сынып жетекші:  Шерметова Д.А.